

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2025-2026 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№5 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы
Сағат – 10:00

25 желтоқсан 2025 жыл
Бейсенбі

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Ғылым департаментінің басшысы, Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы

Күн тәртібінде:

4. Әр түрлі мәселелер

4.3. «Түрік тілі (Деңгей I, II)» пәнін Лингвистикалық орталық базасына көшіру туралы (*Баяндамашы: Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Қ.Идрисова*);

Ашық дауыс беру нәтижесінде СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.3.1 Білім алушылардың жеке оқу жоспарларына «Түрік тілі (Деңгей I, II)» пәнін университеттің Лингвистикалық орталығында өткізу тәртібін енгізу бекітілсін және оқу нәтижелерінің Академиялық саясатына сәйкес тану қамтамасыз етілсін (*Жауаптылар: Академиялық департамент директоры А.Бостанова, Филология факультетінің деканы А.Өзтүрік, «Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі С.Б.Утебеков*);

4.3.2 «Түрік тілі (Деңгей I, II)» пәні бойынша апталық оқу жүктемесін семестр бойы (15 апта көлемінде) 8 сағат болып белгіленсін (*Жауаптылар: Лингвистикалық орталықтың басшысы М.Неркиз*);


4.3.3 «Түрік тілі (Деңгей I, II)» пәнін оқытумен айналысатын профессор-оқытушылар құрамының штат бірліктерін және Қазақстан Республикасы азаматтары болып табылатын оқытушылар үшін әлеуметтік пакетті (жылдық еңбек демалысы, емделу жәрдемақылары және өзге де төлемдер) сақтай отырып Лингвистикалық орталықтың штатына көшірілсін (*Жауаптылар: Филология факультетінің деканы А.Өзтүрік, «Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі С.Б.Утебеков*).

4.3.4 «Түрік тілі (Деңгей I, II)» пәнін оқытуға байланысты штат бірліктерін Лингвистикалық орталықтың штатына өткізу, лауазымдарды бекітілген штаттық кестеге сәйкес рәсімдеу қамтамасыз етілсін; «Түрік филологиясы» кафедрасы мен Лингвистикалық орталықтың профессор-оқытушылар құрамының жеке оқу жүктемесі қыркүйек айында бекітілген

штаттық бірліктер мен күзгі семестрде орындалған сағат көлемін ескере отырып реттелсін (Жауаптылар: Академиялық департамент директоры А.Бостанова, Филология факультетінің деканы А.Өзтүрік, «Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі С.Б.Утебеков, Лингвистикалық орталықтың басшысы М.Неркиз).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева



А.Абибуллаева